

Әдістемелік кеңестің № 1 хаттамасы

Өткізілген күні: «28» т а м ы з 2025 жыл

Өткізілген орны: ЖК Н. И. Ғайып «Ақбөбек» жекеменшік балабақшасы

Қатысқандар: 10

қызметкер **Төраға:**

А.Базылбекова

Н Хатшы: Ж. Балгабаева

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру:
 1. перспективалық жоспар;
 2. циклограмма;
 3. мониторинг;
 4. өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарларын талқылау;
 5. электронды портфолио жинақтау.
2. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтің кәсіби өсуінің факторлары.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер Ж. Балгабаева жаңа 2025–2026 оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндады. Педагогтардың оқу-тәрбие үдерісіне қажетті құжаттарды цифрлық форматта уақытылы әзірлеуі, перспективалық жоспар, циклограмма және мониторингті талапқа сәйкес жүргізу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары бекітіліп, электронды портфолионы жүйелі жүргізу жөнінде түсіндірме берілді.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер Ж. Балгабаева педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, ашық оқу қызметтерін өткізу, тәжірибе алмасу және тәлімгерлік жұмыстарын ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды.

Қаулы:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық құжаттар белгіленген мерзімде цифрлық форматта рәсімделсін.
2. Перспективалық жоспар, циклограмма және мониторинг құжаттарының талапқа сәйкестігі бақылауға алынсын.
3. Әр педагогтің өзіндік білім көтеру тақырыбы бекітіліп, жылдық жоспары орындалсын.
4. Педагогтердің электронды портфолиосы тұрақты түрде толықтырылып отырсын.
5. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі бекітіліп, тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
6. Қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Төраға:

А. Базылбекова

Хатшы:

Ж. Балгабаева

